


# Дәріс 6.

## ТАҚЫРЫБЫ:

**“Ислам. Негізгі бағыттардың пайда болуы: суннизм және шиизм”.**

# Жоспар:

1. Исламның пайда болуы және таралуы.
2. Исламдағы негізгі бағыттар.
3. Қазақстан жеріндегі Ислам.



Арабские страны,  
Иран и Турция в эпоху  
Средневековья

# Араб елінің табиғаты мен халқының тұрмыс-тіршілігі




Оңтүстік Шығыс Азияның Аравия жарты аралында арабтар ежелден тұрады.


Арабтар, (ара. **العرب** *аль-араб*) — халқының шығу тегі семиттік, араб тілінде сөйлейді және Батыс Азия мен Солтүстік Африка мемлекеттерінде мекен етеді.



# Араб елінің табиғаты мен халқының тұрмыс-тіршілігі



# Араб елінің табиғаты мен халқының тұрмыс-тіршілігі



Ең ірі қалаларының бірі - Мекке. Көктемде төрт ай бойы Меккеде жәрменкелер өтті (жылдық және маусымдық саудалар). Қаланың аukatты адамдары тастан қаланған үлкен үйлерде тұрды.

# Араб елінің табиғаты мен халқының тұрмыс-тіршілігі



Кааба

# Бедуин тайпалары









**Ислам** (араб тілінде «бейбітшілік», «бағыну», «мойынсыну», «ілім», «бас ию», «нану») - үшінші әлемдік, ең жас дін, біздің заманымыздың 609-639 жж. аралығында (VII ғасыр) шығыс пен батыс өркениетінің тоғысып жатқан Араб түбегінде пайда болды. Мұсылман қауымдары 120 мемлекетке тарап, 35 мемлекетте мұсылмандар саны басым болып, 28 мемлекетте мемлекеттік дін болып есептеледі.


Ислам дінінің негізін салушы Мұхаммед 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Оның әкесі Абдолла Бен Абдул-Муталиб Мұхаммед туған кезде сауда-саттық жолда жүріп, Ясриб қаласында өз баласын көре алмай қайтыс болды. Анасы Амина 4 жасқа дейін баласын «ауылға», бедуинге - Халима ас-Саадияға беріп асыратты. Мұхаммед 6 жасқа толғанда анасымен Ясриб қаласына қонаққа барып, ал қайтар жолында анасы Амина қатты ауырып, Абве қонысында дүние салады. Мұхаммедтің атасы Абдул-Муталиб Мұхаммедті 8 жасқа дейін тәрбиелейді. Атасы дүние салғаннан соң, немере ағасы Абу-Талиб Мұхаммедті өзінің жанұясына алады.

# Ислам дінінің пайда болуы.



# Ислам дінінің қасиетті кітабы – құран.

al-islam.1000mb.ru



# «Діні бардың - діңгегі мықты»



**«Ислам – дін ғана емес, ол біздің мәдениетіміз».**

**Н. Ә. НАЗАРБАЕВ**



\* Жалпы тарихы жағынан Ислам VII ғасырда Араб халықтарының алғашқы қауымдық құрылыстан таптық қоғамға өтуі, олардың феодалдық-теократиялық мемлекеттерінің Араб халифатына бірігуі кезеңінде пайда болып немесе осы жүйелердің тездеп өтуінің идеологиялық бейнесі болды.

\* VI-VII ғасырларда Аравия түбегі әр түрлі діни ілімге бай болды. Араб жерінде орын алған, Иудаизм және Христиан, зороастризм діни ағымдары, сондай-ақ политеистік көзқарастарды да исламның идеялық көзқарасының қалыптасуына әсерін тигізді.



\*Ислам діні шыққанға дейін Алла (Аллах) деген Құдайға бас иген, бірақ бұл ұғымға арабтар қатардағы бір Құдайлардың есебінде қабылдады. Күрейіштер тайпаласы Мекке қаласын қоршаған Құдайлар бейнесін және Қағбаның ішіндегі рулық Құдайлардың бейнелерін сақтап қызмет етіп, біз «Алла үйінің» адамымыз, «Алламен көршіміз» деп санаған. Тек Мұхаммед пайғамбардың тұсында «Аллаға» жеке Құдай түсінігі берілді. Мұхаммед бір ғана «Жаратушы күшті» мойындады, ол «күші» - Алла еді. Міне, сол себепті ислам дінінің шығуы тікелей Мұхаммедтің өмірбаянына тығыз байланысты болды.

\*Ислам дінінің негізін салушы Мұхаммед 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Оның әкесі Абдолла Бен Абдул-Муталиб Мұхаммед туған кезде сауда-саттық жолда жүріп, Ясриб қаласында өз баласын көре алмай қайтыс болды. Анасы Амина 4 жасқа дейін баласын «ауылға», бедуинге - Халима ас-Саадияға беріп асыратты. Мұхаммед 6 жасқа толғанда анасымен Ясриб қаласына қонаққа барып, ал қайтар жолында анасы Амина қатты ауырып, Абве қонысында дүние салады. Мұхаммедтің атасы Абдул-Муталиб Мұхаммедті 8 жасқа дейін тәрбиелейді. Атасы дүние салғаннан соң, немере ағасы Абу-Талиб Мұхаммедті өзінің жанұясына алады.

\* 12 жасынан бастап Абу-Талиб Мұхаммедті өзімен бірге басқа елдерге сауда-саттық жасағанда алып жүреді. Мұхаммед ер жеткен соң, сауда-саттықты өзі жасай бастайды. Сонымен қатар, Хувайлиданың қызы Хадиджа (жесір әйел) Мұхаммедке ірі тауарлар беріп, сауда-саттық жасатады. Қатарынан екі рет алыс елдерге барып, Хадиджаның тауарларын сатып, үлкен олжамен қайтқаны үшін, оның адалдығы үшін, Хадиджа Мұхаммедке тұрмысқа шығуына ризашылығын беріп, үйленеді. Ол кезде Мұхаммед 25 жасқа, ал Хадиджа 40 жасқа толған кездері болатын. Осындай жастық айырмашылыққа қарамай, олар бақытты өмір сүреді. Хадиджа болса Мұхаммедке 6 бала: екі ұл, төрт қыз туады. Өкінішке орай Фатимадан басқа балалары Мұхаммедтің тірі кезінде өледі. Хадиджа Мұхаммедтің тек әйелі ғана болған жоқ, ол ең жақын досы болды. Мұхаммедті барлық жағынан қолдап жәрдем беріп отырды. Мұхаммед болса Хадиджаны сүйгенінен және сыйлағанынан, оның тірі кезінде басқа әйел алған жоқ.



\* Мұхаммедтің қай кезде, неше жаста дін жолын бастағанын ешкім де айта алмайды. Бірақ білетініміз ол өз уақытында көптеген діндермен таныс болғандығы. Сауда-саттық жолда, көптеген елдерге барып, олардың діндерімен танысты. Меккенің өзінде де көптеген діндер болғандығын біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Бірақ Мұхаммед осы діндердің біреуін де қабылдамай өз жолымен жүрді.

\*Мұсылмандар түсінігі бойынша, ислам уағызында «Құран» Алланың үмбеті Мұхаммедке Жәбірәйіл періште көктің бірінші қабатынан түсіріп, бір оқиға боларда, не бір жағдай туарда оның үзінділерін Мұхаммедке мезгіл-мезгіл жіберіп тұрыпты. Ал Мұхаммед сол Құдайдың берген өсиеттерін халыққа ауызша жеткізіп отырды. Құран Құдай сөзі болғандықтан бұған ешкім де ешбір шәк келтіруге тиіс емес.



\*Қазіргі «Осман шығарған Құран» 114 сүре, 6225 аяттан (басқа да Құранның түрлерінде 6204 және 6336 аяттан) тұрады. «Медина Құранында» аяттардың саны 6000, «Куфа Құраны» мен үнді мұсылмандарының Құранында 6232 аяттан тұратын Құрандар кездеседі. Шиитер қолданып жүрген Құранында 115 сүре бар.

\*Барлық сүрелер көлеміне қарай орналасқан, басында ұзақ сүрелер, одан кейін орта, ақырында қысқа сүрелер. Сүрелердің аттары өздерінің мазмұндарымен анықталады. Бірақ біраз жағдайларда сүренің аты өз мазмұнына сәйкес келмейтіні де бар.

\*Қазақ тіліне араб тілінен «Құран кәрім» аудармасын 1991 жылы Алматы қаласынан қажы Р. Нысанбайұлы мен У. Қыдырханұлы аударды. Дегенмен Құранды аударуға рұқсат болғанымен, намаз оқу бес парызды орындау тек араб тілінде жүруі керек.



\*Ислам дінінің шығуына байланысты, Мұхаммедтің ауызекі айтқан қасиетті сөздері және Мұхаммедтің күнделікті өмірдегі мінез-кұлқы мен әдет-ғұрыптарын іс-әрекеттері арқылы айтылуы суннаны шығарды.

\*Суннаның немесе Хадистің шығу себебі Құран кітабындағы 114 сүре барлық мұсылман өмірінің катынастарын көрсету мүмкін болмағандықтан, мұсылмандар арасындағы қатынастарды Мұхаммедтің өміріне сәйкес етіп көрсету. Қандай бір іс-әрекетке мұсылман кездесе ол шешімді Мұхаммед өмірінен тосуы керек. Екіншіден, Хадис арқылы мұсылман өміріне жаңа әдет-ғұрыптар енгізуге икемді болды.



\*XI-XII ғасырларда Құран мен Суннаның арқасында фикха (мұсылман заңы) немесе шарифат құрастырылды. Шарифат пен фикха синоним есебінде қолданылады. Фикханың негізгі қызметі - мемлекет пен қоғам арасындағы, азаматтық қатынастарды реттейтін құқық (заңы). Шарифат жолдары - Құдай жолдары, оларды орындау әрбір мұсылманның борышы. Шарифатта діни әдет-ғұрыптар, діни салттарды орындау жолдары да көрсетіледі. Фикха сол орындаудың практикалық жолдарын, әрбір адамдардың өмірге байланысты, қалай және қайтып орындау керектігін көрсетеді.

\*Шариғат төрт Ислам құқығына негізделген: Құран, Сунне, Иджме (мұсылман қауымының және оқымыстылардың пікірлеріне) және Қияса (ұқсату арқылы жасалатын пікірлер). Құранда заңдық емес, этикалық меже мен діни, азаматтық және қылмыстық талаптар бар. Заңдық межелер он шақтыдан аспайды. Екі-үш мыңдай заңдық шешімдер (Мұхаммедтің шешімдері) Суннада.

- \* Мұсылман – «Алланың нағыз – құлы, алланың нағыз ұлы».
- \* «Хижрат» – 622 жылғы Меккеден Ясриб (Мәдина) қаласына Мұсылмандар көшуі
- \* «Хижра» - жаңаша мұсылман жыл санауының басы (ай күнтізбесі).
- \* Алла – күреншит руының жеке құдайы.
- \* Күреншит – Мұхамедтің шыққан руының аты.
- \* «Шариғат» – араб тілінде «Тура жол».
- \* «Уахи» – Жәбірейіл періштенің жеткізген аяндары.
- \* «Пайғамбар» - парсы тілінде «хабаршы» деген ұғымды білдіреді.
- \* «Мұхаммед» - «мақтаулы» деген мағынаны білдіретін есімді Хазрет Мұхаммед (с.а.с.) Пайғамбарымызға атасы Абдулмутталиб қойған есім.
- \* «Құран» - Алладан адамзатқа тура жолды нұсқау үшін

Ислам дінінің шығуына байланысты, Мұхаммедтің ауызекі айтқан қасиетті сөздері және Мұхаммедтің күнделікті өмірдегі мінез-кұлқы мен әдет-ғұрыптарын іс-әрекеттері арқылы айтылуы суннаны шығарды.

Суннаның немесе Хадистің шығу себебі Құран кітабындағы 114 сүре барлық мұсылман өмірінің қатынастарын көрсету мүмкін болмағандықтан, мұсылмандар арасындағы қатынастарды Мұхаммедтің өміріне сәйкес етіп көрсету. Қандай бір іс-әрекетке мұсылман кездесе ол шешімді Мұхаммед өмірінен тосуы керек. Екіншіден, Хадис арқылы мұсылман өміріне жаңа әдет-ғұрыптар енгізуге икемді болды.

ХІ-ХІІ ғасырларда Құран мен Суннаның арқасында фикха (мұсылман заңы) немесе **шариғат** құрастырылды. **Шариғат пен фикха** синоним есебінде қолданылады. Фикханың негізгі қызметі - мемлекет пен қоғам арасындағы, азаматтық қатынастарды реттейтін құқық (заңы). Шариғат жолдары - Құдай жолдары, оларды орындау әрбір мұсылманның борышы. Шариғатта діни әдет-ғұрыптар, діни салттарды орындау жолдары да көрсетіледі. Фикха сол орындаудың практикалық жолдарын, әрбір адамдардың өмірге байланысты, қалай және қайтып орындау керектігін көрсетеді.

**Шариғат** төрт Ислам құқығына негізделген: **Құран, Сунне, Иджме** (мұсылман қауымының және оқымыстылардың пікірлеріне) және **Қияса** (ұқсату арқылы жасалатын пікірлер). Құранда заңдық емес, этикалық меже мен діни, азаматтық және қылмыстық талаптар бар. Заңдық межелер он шақтыдан аспайды. Екі-үш мыңдай заңдық шешімдер (Мұхаммедтің шешімдері) Суннада.

Ислам дінінің негізгі ағымдары. Құранда пайғамбардың «бөлінбеңдер» деген нұсқауын тыңдамай Ислам діні бірнеше ағымдарға бөлініп кетеді. Хараджиттеден кейінгі, елеулі екі ағымына: суннизм және шиизм.

Суннизм. Ислам дінінің ең үлкен ағымы (90%) суниттер. Сунниттердің шиит ағымына қарама-қарсы, ортодоксиялық ағым болып құралды.

Суннаның (хадистің) алты жинағын құранмен бірдей мойындаған көпшілік мұсылмандарды ахль-ас суннэ, яғни сунниттер деп атады. Суннизмнің негізгі айырмашылығы: алғашқы төрт халифты заңды деп мойындау; 6-хадисты ешбір күмәнсіз мойындау; суннизмнің 4 мектебінің (маликитік, шафиитік; ханифиттік ханбалитік) біріне жату. О дүниеде Құдай мен адам арасындағы қатынастарда Мұхаммед пайғамбардың ешбір қатысы болмауы; Мұхаммедтің пайғамбар, Али болса Халиф есебінде қабылдау; Шиизмге қарағанда Суннизм ағымында секталардың аздығы және т.с.с.

Шиизм. Араб елінде, Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан соң, Халифаттық басқару басталды. Төртінші халиф Алидің тұсында ең үлкен рулардың арасынан алауыздық көзқарастар пайда болды. Омейядтар рулары, хурайш руынан шыққан Алиге қарсы шығып, бір тұтас халифаттық басқаруды қолдамады. Осының салдарынан, Алидің оппозициялары, оны өлтірумен аяқтады. Алиді жақтаушылар «екі нүр» деген (теория) көзқарас таратты, бұл көзқарас бойынша: бірінші нүр Мұхаммед болса, екінші нүр Али еді. Солай болғаннан соң Құранға Алидің де атын пайғамбар ретінде ендіру керек еді. Осылай, Алиді де пайғамбар есебінде қабылдаушылар Шииттер (арабша, топ, партия) деп аталды.



Осының арқасында Шииттер Құранға тағы бір сүре қосты (114 сүренің орнына 115 сүре). Шииттер қасиетті аңызында, сүнниттік Халифтар билікті заңсыз күшпен тартып алушылар деп түсіндіреді. Олар Алиді және оның ұрпағын өздерінің заңды басшылары деп санап, сүнниттік Халифтарға Мұхаммедтің қызы Фатима мен Алиден тараған ұрпақтың 12 имамын қарсы қояды. Шииттердің діни догмасының құрастырылуы VII ғасырдың ортасында Аббасид династиясында жасалды.

**Мұсылман дінінің парыздары.** «Ислам» деген ұғым араб тілінде «бас июшілік», «кұлшылық» деген мағына бойынша құлшылық ету, табыну екі бөлімнен тұрады. Біріншісі, міндетті түрде, ал екінші бөлімі, ерікті түрде орындалатын діни іс-әрекет.

Біріншіге, бес «парыз» діни іс-әрекеттер жатады. Олар:

1. Иманану (тавхид).
2. Намаз- арабша «салят».
3. Зекет (қайыр).
4. Ораза.
5. Қажылық.

**Салттар.** Құлшылықтың екінші бөлімі, ерекше түрде орындалатын діни салттар мен діни мейрамдар. Оларға жататындар: 1) Балаларды сүндетке отырғызу. Жас балалардың балағатқа жеткенін көрсету, «шын» мұсылман қатарына қосылғандығын көрсетеді. Бала сүндеттеуді қазақтар көбінесе баласы есейіп қалған кезде, 5-9 жас арасында орындайды. 2) Құрбан шалушылық. Құрбан айтта орындалады. Бұл мейрам ораза өткен соң, жетпіс күннен кейін құрбан айты мейрамдалады. Құрбан айт 3-4 күнге созылады. Бұл салт Ибрахим пайғамбардың өз баласын Аллаға құрбан шалуға дайын болғандығы туралы ШЫҚТЫ.

Екінші бір мейрам **ораза айт** (ар. Ид аль-фитр.). Бұл мейрам ораза біткеннен соң жасалады. Бұл мейрамда мұсылмандар өздерінің қайтыс болған жақындарының бейітіне барады, үй-үйлерге кіріп тамақ, дәм татады, садақа береді. Елеулі діни мейрам деп жұма күнін айтады. Әрбір жұма намазда, мұсылмандар мешітке жиналып намаз оқиды, себебі Мұхаммед Меккеден Мединаға ауысқанда ол күн жұма күні болыпты. Ақыр заман болар алдында жұма күнінен басталады дейді. Сол себепті жұма күн мұсылмандар үшін қадірлі күн.

# Семинар 6

- Ислам дінінің шығуы.
- Ислам дінінің Қазақстан жеріне таралуы.
- Ислам дінінің негізгі бағыттары; сунниттік және шииттік.
- Ислам дінінің әдет-ғұрпы, мейрамдары, догмалары